

Көкшетау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 9 тамыздағы № С-3/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 қыркүйекте № 5513 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 қарашадағы № С-38/7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 28.11.2019 № С-38/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына сәйкес Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көкшетау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымшаға сәйкес қосымша реттелсін.

2. Көкшетау қалалық мәслихатының "Көкшетау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № С-36/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 4718 тіркелген, 2015 жылғы 2 сәуірде "Көкшетау" газетінде және 2015 жылғы 2 сәуірде "Степной Маяк" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алтыншы шақырылған Көкшетау
қалалық мәслихатының 3 –ші
кезекті сессиясының төрағасы*

Б.Бегалин

*Алтыншы шақырылған
Көкшетау қалалық
мәслихатының хатшысы*

Б.Ғайса

"КЕЛІСІЛДІ"

Көкшетау қаласының әкімі

Е.Маржықпаев

2016 жылғы "09" тамыз

Көкшетау қалалық

Көкшетау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі

1. Бейбіт жиналыстар мен митингілер өткізу орындары белгіленсін:
 - 1) Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, "Тәуелсіздік" аланы;
 - 2) Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абылай хан даңғылы мен Төлеу Сүлейменов көшесінің қиылысындағы саябақ;
 - 3) Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Максим Горький көшесіндегі Ауған соғысы интернационал жауынгерлерінің саябағы;
 - 4) Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Александр Сергеевич Пушкин көшесіндегі "Бурабай" спорт сарайының сол жағындағы алаңша.
2. Шерулер мен демонстрациялар өткізу маршруты белгіленсін: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Максим Горький көшесінен бастап, Абай көшесінің бойымен "Тәуелсіздік" алаңына дейін.
3. Іс-шара уәкілдері (ұйымдастырушылары) мен қатысушыларына алкогольдік және есірткілік масаң күйінде қатысуға жол берілмейді.
4. Қоғамдық тәртіп пен пикет қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында :
 - 1) түрлі жеке дара пикеттерге қатысушылар бір-бірінен 50 метрден кем емес қашықтықта орналасуы немесе бір-біріне айқын көрінбей тұруы қажет.
 - 2) бір күнде және бір уақытта бір объектіде үштен аспайтын жеке дара пикетті өткізуге рұқсат етіледі.
5. Пикет өткізу кезінде :
 - 1) пикет өткізілетін объектінің алдында тұруға, отыруға;
 - 2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;
 - 3) пикеттің тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, слогандар айғайлап айтуға рұқсат етіледі.
6. Басқа формада бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу шараларын жалғастыру үшін Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу және ұйымдастыру тәртібі туралы" Заңында атап көрсетілгеніндей, Көкшетау қаласының жергілікті атқарушы органының шешімі болуы қажет.
7. Бейбіт жиналыстар, митингілер шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуге рұқсат беруден Көкшетау қаласының әкімдігі бас тартқан жағдайда

немесе оны тыйым салу туралы шешім шығарылса, уәкілдер (ұйымдастырушылар) барлық дайындық шараларын тоқтатуға және бұл туралы ықтимал қатысушыларды тиісті хабардар ету бойынша тез арада шаралар қолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК